

№ 3 Мәртөк жалпы орта білім беретін мектебі

8 «А» сыныбының жетекшісі:

Нурлыбаева Кундыз Картбаевнаның

2022-2023 оқу жылындағы тәрбие жұмысының жылдық есебі

Сыныпта барлығы 12 оқушы бар. Оның 4-еуі ұл бала, 8 қыз бала. Үлгермейтін оқушы жоқ. II тоқсанды 50% аяқтадық. 2022-2023 оқу жылында жыл басында сынып оқушыларын адалдыққа, еңбекке, өз Отанын құрметтеуге тәрбиелеу, жан-жақты, мол сауатты, мәдениетті жеке тұлға тәрбиелеу мақсатында тәрбие жұмысы 8 бағыт бойынша жасалып бекітірілді. Жоспарланған жұмыстар уақытылы өткізілді. Атап айтсам:

I. Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие, құқықтық тәрбие

Мақсаты: Жаңа демократиялық қоғамда өмір сүруге қабілетті азаматты және патриотты; тұлғаның саяси, құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін; балалар мен жастардың құқықтық санасын, оларда балалар мен жастар ортасындағы қатыгездік пен зорлық-зомбылыққа қарсы тұру даярлығын



2. Мектептің ішкі тәртіп ережелерімен таныстыру. Оқушының құқықтары мен міндеттері. 3. «Біз бәріміз теңбіз» құқықбұзушылықтың алдын алу 4. «Құқық әлемінде» 5. «Желтоқсан желі ызғарлы»

II. Рухани-адамгершілік тәрбие

Мақсаты: Тұлғаның қазақстандық қоғам өмірінің жалпыадамзаттық құндылықтарымен, нормаларымен және дәстүрлерімен келісілген рухани-адамгершілік және этикалық ұстанымдарын, моральдық қасиеттерін және көзқарастарын қалыптастыру.

1.1 қазан-Қарттар күні «Қарттарым асыл қазынам» «Ұстазым-ұлағатты есім»

3. Ұлттық тәрбие

Мақсаты:

Тұлғаны ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарға бағдарлау, ана тілін және мемлекеттік тілді, қазақ халқының, Қазақстан Республикасындағы этностар мен этникалық топтардың мәдениетін құрметтеуге тәрбиелеу.

1.22-қыркүйек Қазақстан халықтарының Тілдер күні «Тіл – тірегіміз, соғып тұрған жүрегіміз» А, Байтұрсыновқа 150 жыл. 2. «Жеті атаны білу парыз»

Отбасы тәрбиесі

Мақсаты: Ата-аналарды оқыту, бала тәрбиесінде олардың психологиялық-педагогикалық құзыреттіліктерін және жауапкершіліктерін арттыру

1. «Тәрбие отбасынан басталады»

5. Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие

Мақсаты: Тұлғаның өзінкәсібианықтауына саналы қарым-қатынасын қалыптастыру, экономикалық ойлауын және экологиялық мәдениетін дамыту

1. «Еңбек түбі - береке». 2. «Жемістер дәрумендерге толы»

6. Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі

Мақсаты: Әрбір тұлғаның зияткерлік мүмкіндігін, көшбасшылық қасиеттерін және дарындылығын дамыту, дақамтасыз ететіну әждемелік кеңістік құру

1. Діни экстремизм мен лаңкестіктің алдыналу. «Дін және шындық»

7. Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие

Мақсаты: Білім беру ұйымдарының білім беру кеңістігін тұлғаның өзін-өзі сәйкестендіруінің көпмәдениетті ортасы ретінде құру, тұлғаның қоғамдағы жалпымәдени мінез-құлыққағыларын қалыптастыру, оның өнердегі және болмыстағы эстетикалық нысандарды қабылдау, меңгеру және бағалау әзірлігін дамыту. «Оқуға құштар мектеп» аясында сыныптан Аймағанбетова Жанерке аудандық іс-шараға қатысып, өзінің оқыған кітаптары бойынша білімін сынады.

Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты

Мақсаты: Салауатты өмір салты, денедәмуы және психологиялық денсаулық сақтау дағдыларын, денсаулыққа зиян келтіретін факторларды анықтау біліктілігін ойдағыдай қалыптастыру үшін кеңістік орнату.

1. «Шынықсаң шымыр боласың»

Оқушылардың көңіл-күйін көтеру мақсатында сыныпта «Түрлі-түсті кеш» ұйымдастырдық:



Сыныпты жалпы зерттегенде сыныпта белсенді бірнеше оқушылар бар. Сыныптағы оқушылардың бір-бірімен қарым-қатынасы өте жақсы, қалыпты. Сыныптың топ басшысы Нұрсұлтанова Тоқтагүл және бірнеше сынып белсенділері бар. Үздік оқитын оқушы: Мухтаров Нурсултан. Сыныптың рухани-психологиялық ауа-райы, оқушылардың қарым-қатынастық мінезі – қыз балалар өзара да, ер балалармен де сыпайы қарым-қатынаста. Қыз балалар сынып ішінде шешім қабылдағанда басымдылық көрсетеді. Сынып оқушылары әр-түрлі пәндерден түрлі үйірмелерге қатысады. Оқушылар апталықтарда, мектептің түрлі іс-шараларында қатысып, белсенділік таныта білді.

Сынып оқушыларының бойына өз еңбегімен қатар өзгенің еңбегін қадірлеуге, тұрақтылықтылықтың тиімділігін білу, әділдікті сүю, өз ойын еркін айту сияқты қасиеттердің қалыптасуына үлес қостым. Олардың жеке тұлға ретінде қоғамның бір мүшесі екенін ұғындыра білдім деп айта аламын.

Жыл аяғында сыныпта барлығы 12 оқушы. Оның 4-еуі ұл бала, 8 қыз бала. Бір оқушымыз Нұрлан Беғали отбасы жағдайына байланысты Ақтөбе қаласына көшіп кетті. Үлгермейтін оқушы жоқ. Жылдық білім сапасы 73% құрайды. «Біз сыбайлас жемқорлыққа қарсымыз!», «Алғыс айту-парызым», «Балаға жүрек жылуы», «Ана – өмір шуағы»

«Нұр себеле, Ұлыстың ұлы күні» тәрбие сағаты, «Атаның сөзі – ақылдың көзі» тақырыбында сабақ, *отбасы тәрбиесі саласы бойынша* «Отбасы экономикасына менің қосар үлесім...» тақырыбында топтық жұмыс

«Мен және менің отбасым» сабағы, «Ынтымағым-бірлігім»,

«Ерлікке тағзым» (9-мамыр «Жеңіс күніне» орай), Қобда ауданындағы «Алия» музейіне саяхат жасап, батыр апамыздың ерлік істері жайлы ақпарат алып патриоттық сезімдерін одан әрі нығайтып қайтты.



« Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие бойынша «Табиғаттан не алдым, табиғатқа не бердім?» , «Табиғаттың тарылтпайық тынысын» тақырыбында танымдық сабақтар, көпмәдениетті және көркем - эстетикалық бағыты бойынша «Әдептіліктің алтын ережелері» атты тақырыпта танымдық сабақтары өткізілді..



Сонымен бірге «Мамандық бағдар» бойынша «Мамандық таңдау- басты мақсатымыз.» тақырыбында сынып сағаты өтіліп, өздеріне ұнаған мамандықтар жайлы пікірлер айтып, ақпараттармен қанықты.





Ата-аналар жиналысы жалпы мектепішілік және де жеке өткізіліп отырды. Онда оқушылардың тұрмыс-жағдайы, оқу үлгерімі, сабаққа қатысуының белсенділігі т.с.с. мәселелер талқыланып отырды. Жиі сабақтан қалатын оқушылардың ата-анасымен жеке жұмыс жүргізіліп, қысқы, күзгі, көктемгі және жазғы демалыста қайда болатындығы, өмір қауіпсіздігі және түнгі уақытта ата-анасыз жүруге болмайтындығы айтылып, ата-аналардан сенімхат алынды. Ата-аналармен жұмыс әрдайым жүргізіліп отырды. Оқушыларды еңбекке баулу мақсатында апта сайын сынып бөлмесін тазалауға және күнделікті кезекшілік кестесі бойынша қадағалап отырдым. Апта сайын оқушылардың күнделіктерінің жүргізілуін тексердім. Күнделікті сабаққа кешіккен, сабақтан себепсіз қалған оқушылармен әңгіме жүргізіп отырдым. Сынып оқушылары мектеп формасын сақтап отырды. Балалардың үйін аралап, тұрмыс жағдайларын тексердім. Оқу үлгерімі бойынша әр пән мұғалімімен жекелей сөйлесіп отырдым. Жалпы айта кететін болсам, 6-сыныпты ойдағыдай аяқтадық. Қиындығы мен қызығы бірге жүретін мектеп өмірі ойдағыдай өтті. Келесі оқу жылында да бұдан да түрлі іс-шараларға белсене қатысып, сыныбымызды оң қырынан көрсетуге жаңа оқу жылында жақсы күш-жігер жинап жақсы дайындықпен келеміз деген ойдамын.



Жалпы 2022 -2023 оқу жылы ойдағыдай аяқталып, 9-сыныпқа көшті .

9- сыныпта сынып оқушылармен атқарылатын тәрбие жұмысының мақсаты:

- оқушының жаңа оқу жылына дайындығын тексеру. Аз қамтылған отбасыларға көмек көрсетуді ұйымдастыру.

- оқушылардың әлеуметтік жағдайына үнемі бақылау жүргізіп, ата – аналармен үздіксіз байланыста болу.

-оқушыларды түрлі үйірмелерге қатыстыру.

- мектепте өтетін іс-шараларға белсене қатыстыру

